

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Г.К.Сагпазова

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: «Медициналық кабинеті»

№1 кіші «Күншуақ» тобының тәрбиешісі А.Меңдыгулова
№2 ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі М.Тажигалиева

2022/2023оқу жылы

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: «Медициналық кабинеті»

Мақсаты: Балаларды медицина қызметкерінің жұмысымен таныстыру, сөздікті жандандыру және байыту, ересектердің жұмысына қызығушылықпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Барысы:

Ұйымдастыру сәті: Тәрбиеші мен балалар шағын орталықтың медициналық кабинетінің жанына жиналады.

Тәрбиеші: Балалар, біз қазір медициналық кабинетінің қасына келіп тұрмыз. Бұл жерде кім жұмыс жасайды деп ойлайсыз?

Балалар: Медбике Базарбаева Жаңыл Исмадинқызы.

Тәрбиеші: Олай болса, медбикеге барып, жұмысымен танысайық. (тәрбиеші балалармен медбикеге барады.

Медбике: Саламатсыздар ма, балалар?.

Сендер менің аты-жөнімді білесіңдер ме?

Балалар: Сіз медбикесіз, аты-жөніңіз Жаңыл Исмадинқызы.

Медбике: Дұрыс айтасыз балалар!.

Бүгін мен сендерге өзімнің жұмысым туралы айтып беремін.

Мен қандай жұмыс атқарамын білесіңдер ме?

Балалар: Сіз біздің топқа келіп, топты тексересіз.

Медбике: Ия, дұрыс. Мен сіздердің тобыңыздың тазалығын қараймын.

Азық-түліктердің сапасын, дұрыс сақталуын, өз уақытында таратылып берілуін және сендердің денсаулықтарыңызды қадағалаймын.

- Балалар, сендердің тобыңызда «Аурухана» деген ойын бар. Ойынға арналған медициналық құралдар бар. Осы құралдарды атап беріңізші (термометр, шприц, ростомер)

- Балалар, менде де медициналық құралдар бар. Соларды көргілерің келе ме?

Балалар: Ия

Медбике: Мынау не?

Балалар: Термометр

Медбике: Бұл құрал не үшін керек?

Балалар: Дене қызуын өлшеп, адамның ауырып тұрғанын білу үшін.

Медбике: Ал мынау қандай құрал?

Балалар: Шпатель

Медбике: Дұрыс айтасындар балалар. Шпатель не үшін керек?

Балалар: Тамақты қарау үшін.

Медбике: Дұрыс , сендердің тамақтарың ауырғанда шпательдің көмегімен қараймын.

- Ал, мынау қандай құрал?

Балалар: Шприц

Медбике: Ол не үшін керек?

Балалар: Укол салу үшін керек.

Медбике: Қараңдаршы осы құрал арқылы не істеуге болады?

Балалар: Бойымыздың өлшемін, сосын салмағымызды өлшейді.

Медбике: Дұрыс айтасындар.

- Мына жерде дәрі –дәрмектер де бар. Оларды басыңыз, ішіңіз, тісіңіз ауырғанда дене қызуыңыз көтерілгенде пайдаланамыз. Үйіңізде де осындай дәрілер бар. Бірақ бұл дәрілер дәрігердің рұқсатымен ғана беріледі. Сондықтан өз бетімізбен алып ішуге болмайды.

Медбике: Балалар сендерге медициналық кабинет ұнады ма?

Балалар: Ия

Медбике: Ендеше, мен сендермен қоштасамын. Тағы да маған келіп, қызықты нәрселерді көрерсіңдер. (балалар медбикемен қоштасады)

Тәрбиеші: Медбике қандай жұмыс атқарады?

Қандай құралдармен таныс болдыңдар?

Балалар сендерге бүгінгі саяхат ұнады ма?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Осымен саяхатымыз аяқталды.

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: «Медициналық кабинеті»



